

А. ЕСІМ¹, Д. ЕСИМОВА²✉

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Астана)

²Торайғыров университеті
(Қазақстан, Павлодар), E-mail: dika-73@mail.ru

ТҮРКИЯ ТӘЖІРИБЕСІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУЫ БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа. Соңғы онжылдықта экотуризм танымал бағытқа айналуға және елдің тұрақты дамуының кепілі ретінде сипатталады. Экологиялық туризм туристік индустрияның алдыңғы қатарлы бағыты ретінде туристік қызметтерді аймақтық ұйымдастыруға, жаңа туристік аймақтардың қалыптасуына және олардың мамандануына әсер ететін айқын ресурстық бағыт. Экологиялық туризм Қазақстан Республикасындағы туризмнің неғұрлым басым бағыттарының біріне айналуға тиіс. Ол үшін мемлекетте қажетті факторлар бар.

Мақалада туризм саласын дамыту бойынша Түркия елінің тәжірибесін зерттеп, басым бағыттары мен осал тұстарына талдаулар жасалынды. Экотуризмді дамытудың қуатты рекреациялық факторы ретінде Түркия елінің озық тәжірибесін Қазақстан Республикасында қолдану мүмкіндіктері қарастырылып, озық тәжірибелері мен жетістіктеріне талдау жасалынды. Зерттеу барысында Қазақстандағы курортты аймақтардың орналастыру көрсеткішіне шолу жасалынып, ең тартымды жерлерге туристердің келу динамикасы анықталды.

Қазақстанда экотуризмді дамытудың басым бағыттарын негізге ала отырып, туристік қызметті экологияландырудың тәсілдері қарастырылды. Мақалада сонымен қатар, Түрік мемлекетінің экологиялық туризмді дамыту тәжірибесін ескере отырып, Қазақстанда экологиялық туризмді дамыту үшін нақты шараларды іске асыру ұсынылады.

Сонымен қатар, туристік орталықтарға қажетті кадрлық саясатын жүргізу маңыздылығы қатастырылды. Туризмді дамытудағы түрік тәжірибесіне тән қасиет елдің туристік орталықтарын жарнамалау мәселелеріне ерекше көңіл бөлу болып табылатыны анықталды.

Кілт сөздер: экотуризм, туризм индустриясы, экономика, бизнес, рекреациялық әлеует, табиғи аймақтар, кемпинг.

Кіріспе

Экологиялық туризм туристік индустрияның алдыңғы қатарлы бағыты ретінде туристік қызметтерді аймақтық ұйымдастыруға, жаңа туристік аймақтардың қалыптасуына және

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:** Есім А., Есимова Д. Түркия тәжірибесі негізінде қазақстанда экотуризмді дамыту болашағы // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. –2024. –No4(6). –Б. 158–170. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2024-4/6.13>

***Cite us correctly:** Esim A., Esimova D. Türkiya täjribesi negizinde qazaqstanda ekoturizmdı damytu bolaşaqy [Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan based on the experience of Turkey] // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. –2024. –No4(6). –Б. 158–170. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2024-4/6.13>

олардың мамандануына әсер ететін айқын ресурстық бағыт. Туризмнің дамуы ұзақ мерзімді және экономикалық тиімді болашақ кепілі ретінде шетелдік валютаның тартылуын қамтамасыз етеді және төлеу теңгерімінің, елдің жиынтық экспортының көрсеткіштеріне ықпал етеді.

Соңғы онжылдықта экотуризм барған сайын танымал бағытқа айналуға және елдің тұрақты дамуының кепілі ретінде сипатталады. Ал Халықаралық экотуризм қоғамы экотуризмді қоршаған ортаны сақтайтын, жергілікті халықтың әл-ауқатын қолдайтын және экскурсиялық-ағартушылық қызмет пен білім беруді көздейтін табиғи аудандарға жауапты саяхат ретінде анықтама берген [1].

Соңғы уақытта Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын көлемінде, табиғатты сақтап қалу мақсатында, сирек кездесетін фауна және флора түрлерін қорғау мақсатында, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жер көлемін арттыруды жоспарға қойды [2].

Соңғы екі жылда Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарына шетелдік туристердің, еліміздің азаматтарынан да келушілер саны артуда. Мұндай жағдай экотуризмді дамытудың жоғары перспективаларын айқындауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу бағыты бойынша Түркия елінде экотуризм секторын дамытудың озық тәжірибелері мен жетістіктеріне талдау жасалынды. Қазақстанда экотуризмді дамытудың басым бағыттарын негізге ала отырып туристік қызметті экологияландырудың тәсілдері қарастырылды. Аналитикалық, библиографиялық әдістің көмегімен зерттеліп отырған тақырып бойынша жарияланған отандық және шетелдік авторлардың еңбектеріне сараптамалық шолу жасалынды.

Әдебиеттерге шолу

Қазақстан Республикасының туризм индустриясын дамытудың 2023-2029 жылдарға қабылданған тұжырымдамасына сәйкес 2025 жылға қарай ЖІӨ-дегі туризмнің үлесін кемінде 8 %-ға дейін арттыруға байланысты батыл қадамдар жасау туралы көрсетілген [3].

Соңғы уақытта, қоғамның құндылық бағдарларына, оның айрықша белгілеріне, экзотикасы мен сәйкестігіне, т.б. бір халықтың мәдениетін екінші бір халықтан елеулі түрде ажырататын не олардың тарихи дамуындағы сапалық өзгерістеріне көңіл бөлу кең тарауда [4].

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің деректеріне сәйкес, елдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының (ЕҚТА) жалпы ауданы 26 млн гектарды құрайды, яғни шамамен 0,26 млн км², бұл экотуризмді жақсы дамыған бірқатар елдерге қарағанда он есе көп. Бұл ретте туристер саны жылына 2 млн адамды құрайды. Сол арада, экотуризмді дамыту бойынша көшбасшылардың бірі болып табылатын АҚШ-та бұл көрсеткіш жылына 200 миллион адамға, ал Австралияда жылына 60 миллион адамға жетеді. Мұндай нәтижелерге елдер заңнамалық деңгейде реттелетін ұлттық табиғи парктердегі туризмді басқарудың жолға қойылған жүйесінің арқасында қол жеткізді.

2019 жылы экологиялық тұрақтылықтың жоғары деңгейінің, өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің алуан түрлілігі мен бірегейлігінің, сондай-ақ мемлекеттің қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шаралары, жабайы табиғатқа саяхаттау бойынша үздік елдер анықталды. Үздік елдердің тізімін анықтау үшін ұлттық парктердің саны, биоалуантүрлілік, Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлардың жойылып кету қаупі және басқа да өлшемдер ескерілді.

Қазақстан бұл рейтингте 87-ші орынды иеленді. Соған қарамастан, ел табиғи аумақтарының үлкендігі, флора мен фаунаның алуан түрлілігі, табиғат ескерткіштері мен ЮНЕСКО мұрасы мәртебесіне ие объектілері есебінен экологиялық туризмді дамытудың барлық алғышарттарына ие.



1- сурет – Экотуризмнің халықаралық статистикасы

Нәтижелер және талқылаулар

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанда шетелдік туристерді қабылдаудың рекордтық артуы елдегі туризмді дамыту стратегиясының табыстылығының көрінісі болып табылады.

Экономикалық зерттеулер институтының (Economic Research institute) мәліметтеріне сүйенсек [4], 2023 жылдың бірінші жартысында шетелдік туристерді қабылдау бойынша Қазақстан жаңа рекорд орнатты. 2023 жылдың алғашқы 6 айында елімізге 516 мың шетелдік туристер келген, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,8 есеге көп. Яғни, 224 мың адамға өсу және туризм саласындағы табысты жұмыстың маңызды көрсеткіші деп атауға болады (2-сурет).



2 - сурет – Қазақстан Республикасындағы туристердің келу динамикасы, 2019-2023 жылдар бойынша.

Ескерту - [5] әдебиет негізінде құрастырылды

Туризмді белсенді дамытатын елдердің халықаралық тәжірибесі туризмді мемлекеттік қолдау саланың тұрақты дамуының міндетті шарты екенін дәлелдейді. Осыған орай, Қазақстан Республикасының туризм индустриясын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасының туризм индустриясын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, оның жоспарлары жүзеге асырылды [18].

Қазіргі уақытта туризм саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды.

Осы стратегиялық құжаттарға сәйкес Қазақстан Республикасы әлемдік туристік нарық жүйесіне интеграцияланған жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті туристік индустрия құруды жоспарлап отыр. Мемлекеттік бағдарлама бойынша 2025 жылға қарай Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өніміндегі туризмнің үлесін кемінде 8 %-ды қамтамасыз ету көзделген [3].

Экологиялық туризм Қазақстан Республикасындағы туризмнің неғұрлым басым бағыттарының біріне айналуға тиіс. Бұған бірқатар факторлар ықпал етеді:

біріншіден, аумақтардың үлкен ауданы;

екіншіден, нашар игерілуі, оның ішінде халық тығыздығының төмен болуына байланысты;

үшіншіден, экологиялық туристердің ықтимал қызығушылықтары бар объектілердің салыстырмалы қол жетімділігі.



3 - сурет – Қазақстанда экотуризмді дамыту әлеуеті

Қазақстандағы курортты аймақтардың орналастыру көрсеткішіне қысқаша шолу жасасақ, ең тартымды жерлерге Бурабай, Алакөл аймақтары, Алматы таулы аймақтарындағы экологиялық туристік орындарын атауға болады, яғни кестеден байқағанымыздай, бұл көрсеткіштер соңғы 2024 жылда Бурабай аймағында 188, Алакөл

аймағында 219, Алматы таулы өңірінде 418 бірлікті көрсетеді [19].

Қазақстан маңызды туристік әлеуетке ие болғанымен, бірқатар шешімін таппаған мәселелер де бар:

біріншіден, инфрақұрылымдар жақсартуды қажет етеді, әсіресе туристік аймақтарды бір-бірімен байланыстыратын жолдарды, әуежайларды, қонақүйлерді салу, жақсарту қажет;

екіншіден, шетелдік туристерді тарту және Қазақстанның туристік мүмкіндіктері мен әлеуеті туралы ақпараттарды арттыру үшін белсенді маркетингтік науқан қажет;

үшіншіден, білікті кадрлардың жетіспеуі және жоғары баға саясатын ұстана отырып, төмен қызмет көрсету деңгейі туристердің қызығушылығын, елімізге деген әсерін нашарлатуы мүмкін;

төртіншіден, визалық режимдерді жеңілдету туристер санын арттыруға мүмкіндік береді.

Осы орайда туризм саласын дамыту бойынша Түркия елінің тәжірибесін зерттеп, басым бағыттары мен осал тұстарын талдап, мүмкіндіктерін қарастыру қажеттілігі туды. Мұндай қадамдар Түркия елінің озық тәжірибесін Қазақстанда да экотуризмді табысты дамытудың моделі ретінде қарауға болады. Соған сәйкес келесі міндеттерді шешу қажет:

- Түркиядағы туризм секторының даму ерекшеліктерін анықтау;

-Түркия аймақтарындағы озық туристік әлеуетті дамытудың тәжірибесін сипаттап, Қазақстандағы туризм бағытын дамыту мақсатында ұсыну.

ЮНЕСКО-ның мәлімдеуінше, туристік бизнес дәстүр мен мәдениет арасындағы диалогты қалыптастыру арқылы бейбітшілікті сақтауға және халықтардың жақындасуына ықпал етеді деп есептейді [5].

XX ғасырдың екінші жартысында Түркия билігі туризм саласын дамытуға көбірек көңіл бөле бастады. Үкімет туристік бизнесті дамытудың бесжылдық жоспарларын әзірлеуге кірісіп, ел бюджеті бұл саланың өсуіне бөлінетін қаржы көлемін жыл сайын арттырып отырды. Бастапқы кезеңде түрік билігі туристік бизнесті қарқынды дамыту үшін жеткіліксіз қаражат бөлді. Айта кету керек, Түркиядағы туристік бизнестің дамуының сипатты белгісі шетелдік инвестицияны кеңінен тартуына байланысты болды.

Анталия және Балыкесир провинцияларының жағалау аймақтары 1970 жылдардың басында туризм инфрақұрылымын дамытудың басым аймақтары болып жарияланды. Әлемде туристік қызметке сұраныс артқан сайын Түркияның Туризм министрлігі курорттарды дамытудың жобаларын жүзеге асыруға кірісті. Оңтүстік Анталияның туристік инфрақұрылымын дамыту бойынша ең табысты жобаға Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (ХҚДБ) қолдау көрсетті [6].

1982 жылы Түркия үкіметі туризмді насихаттау туралы №2634 заңды қабылдады. Жаңа заң туристік бизнес саласын дамыту үшін көбірек ынталандыруды қамти отырып, Түркияның Туризм министрлігіне көбірек өкілеттіктер берілді. Туризмді дамытудың басым бағыттары ретінде туристік бизнесте жұмыс жасаушылар үшін электр қуатына, суға және газға жеңілдікті тарифтер белгіленгенін ерекше атап өту керек! Сонымен қатар, туристік бизнес өкілдері кейбір салықтар мен алымдардан босатылды, сондай-ақ, оларға жеңілдетілген несиелер берілді. XX ғасырдың 80-шы жылдарының соңына қарай елдегі экономикалық реформалар туристік сектордың дамуында оң нәтиже берді.

Қазіргі Түркияда туризм саласын дамыту бойынша жүргізілген саясатының бірі - еркін экономикалық аймақтарды құру болды. Елдегі жүргізілген реформалар кезеңінде сыртқы салаға көңіл бөлу, бүкіл экономикада және елдегі қызмет көрсету саласында салауатты

бәсекелестік орта құру туризмнің қарқынды өсуіне әкелді. Қысқа мерзім ішінде шетелдік инвестицияны пайдаланудың арқасында Түркияда қонақүйлер мен кемпингтер желісі құрылып, негізгі туризм орталықтарын байланыстыратын жаңа жолдар салынды. Түрік туризм саласын дамытуға ең ірі инвесторлар қатарында неміс компаниялары тұрды.

Түркиядағы туристік бизнес дамуының тағы бір сипатты белгісі кадр саясаты болды. Қысқа уақыт ішінде негізгі еуропалық тілдерді еркін меңгерген жоғары білікті гидтер дайындалды.

Туристік бизнеспен айналысатындардың барлығы шет тілдерін үйренуге міндетті болды. Туризмді дамыту бойынша жүргізілген саясатының нәтижесінде 1980 жылдардың аяғында туристік орталыққа айналған Анталия қаласында үлкен халықаралық әуежай саланып, туристерді жоғары деңгейде орналастыра алатын қонақүйлер іске қосылды, сонымен қатар круиздік сапарларды қабылдай алатын порт толықтай жаңартудан өтті. Түркия мемлекетінде туристерді тартудың ең тамаша жолы – туристік инфрақұрылым мен қызмет көресту саласы жақсы жолға қойылды. Сонымен қатар, баға саясаты жаңа бағытта өзгерді [7].

Түркия Үкіметі Туризм министрлігі әзірлеген ұлттық бағдарламаларды егжей-тегжейлі зерделеп, мемлекеттік қолдау көрсетіп отырады. Кең мемлекеттік қолдаудың арқасында Түркиядағы туризм индустриясы миллиондаған, тіпті миллиардтаған табыс әкелуде. Бұл ұлттық экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз етеді [8]. Атап айтсақ, 2022 жылы туризмнен түскен қаражат 46 миллиард доллардан астам рекордтық табыс әкелді. Түркия пандемиядан кейін бұл көрсеткіш бойынша әлемдегі ең үздік ел ретінде танылды. Ал 2023 жылы 56 миллиард долларлық жаңа рекорд орнатылуы мүмкін деп болжам жасалған болатын. Сонымен қатар, сарапшылар 2028 жылға қарай туризмнен түсетін кіріс жыл сайын Түркияға кемінде 100 миллиард доллар әкеледі, ал республикаға келетін туристердің ағыны жылына 90 миллионға дейін жетеді деп болжам жасалды.

Түркияның Статистика Институтының (TUIK) мәліметтері бойынша, елдің туризмнен келетін ішкі табыс көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 53,4 пайызға артқан. Ал тағы да жүргізілген басым қадамдарының бірі - 2023 жылы Түркия әлемдегі алғашқы ұлттық жасыл немесе экологиялық туризм бағдарламасын іске қосты. Бағдарламаны іске асыру 2030 жылға дейін жоспарланған. Ол бірнеше кезеңнен тұрады. Бағдарлама Жаһандық Тұрақты Туризм Кеңесімен (GSTC) ынтымақтастық туралы келісім бойынша жүзеге асырылады және Париж климаттық келісімі негізінде жергілікті туристік индустрияға жаһандық тұрақты даму тәжірибесін енгізуді және қоршаған ортаның ластануын азайтуды көздейді [9].

Түркия статистикалық институты, Орталық банк, Мәдениет және туризм министрлігі статистикасына орай, Түркия мемлекетіндегі соңғы жылдардағы кірістерге сараптама жасасақ, 2021 жылмен салыстырғанда 2024 жылы кіріс 200 пайызға артқан, яғни 9 айда 21 606 691 (мың доллар) 2024 жылы 46 880 071 мың доллардан асады.

Экологиялық туризмді дамыту бойынша Бағдарламасының бірінші кезеңінде ұлттық бағдарламаның критерийлері әзірленіп, оның орындалуын бақылау үшін компаниялар арнайы дайындықтан өтеді. Ұлттық жобаны жүзеге асырудың екінші кезеңінде немесе 2025 жылға қарай экологиялық сертификаттау жүйесін кезең-кезеңімен енгізу, ал 2030 жылға қарай тұрақты туризмнің барлық халықаралық стандарттарын және Түркия елінің 2021 жылы қол қойған Климат бойынша Париж келісімін енгізу жоспарланған.

Дүние жүзінде экотуризм бойынша таңдау жасайтын адамдардың саны артып келеді. Ол көрсеткіш 1998 жылы 45 миллион болса, 2010 жылы 70 миллионға және 2023 жылы ол

көрсеткіш 95 миллионға өсті. Экотуризмге баратын адамдардың болжамды саны 2024 жылы 98 миллионға жетеді және 2030 жылға қарай 125 миллионға жетуі мүмкін деп күтілуде.

Экотуризм туризм индустриясының ішінде ең жылдам (3 есе жылдам) дамып келе жатқан саласына айналды. Жаһандық климаттық өзгерістер жағдайында ормандарды қорғау және ұзақ мерзімді тұрақтылықты дамыту үшін Түркия 2024 жылы 26 жаңа экотуризм аймағын ашуды мақсат етіп отыр. Бұл стратегиялық бастама Түркияның серпінді туризм секторына 2 миллиард түрік лирасын (66,4 миллион АҚШ доллары) қаржыландыру көлемімен қолданыстағы экотуризм орындарын дамытуға бағытталған [10].

Халықтың әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани қажеттіліктерін үздіксіз қанағаттандыру, сондай-ақ ормандарды ұрпақтан-ұрпаққа беру және сақтау үшін әртүрлі шараларды жүзеге асыру Түркияның Ауыл және орман шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығының бас басқармасы (ОШБ) арқылы жүргізіледі [10]. Түркияның орман ресурстарын сапалы және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін 2021 жылы Экотуризм әрекет жоспары іске қосылды. Іс-шаралар көрсетілген жоспардағы бюджеттің ең көп үлесі мынадай айқын бағыттар бойынша бөлінді: экотуризмге қолайлы аймақтарды анықтау және жоспарлау; орман саябақтарының кешенді экотуризм жоспарларын әзірлеу; экотуризм мүмкіндіктерін дамытуға жәрдемдесу; экотуризмді дамытуға күзіретті тиісті ұйымдармен және топтармен кездесу және оларды оқыту.

Ұлттық жоспар бойынша 2028 жылға қарай экотуристік аймақтардың санын 200-ге жеткізуді көздейді. Бұл аймақтар Адана, Чорум, Анкара, Анталия, Артвин, Балыкесир, Дюзже, Ялова, Чанаккале, Ушак және Элазигтен бастап Эскишехир, Кахраманмарас, Гиресун, Текирдаг, Измир, Кастамону, Сивас, Кония, Кутахияға дейінгі бірнеше провинцияда орналасқан. Олардың қатарына Мерсин, Мугла, Кожаели, Батман, Гүмүшхане және Карабук та кіреді [11].

Түркия оңтүстігінде Аданадан, батыста ел астанасы Анкара мен Чанаккаледен қиыр шығыстағы Эрзурум провинциясына, орталықта Кония провинциясы мен Қара теңіз жағалауындағы Зонгулдакқа дейінгі 81 провинцияның 54-інен экотуризм аймақтарын табуға болады [12].

Түркияның Ұлттық бағдарламаларында соңғы кездері өзінің дамуына жаңа аймақтарды қосуға ғана емес, сонымен қатар туризмнің әртүрлі түрлерін дамытуға тырысуда. Солардың ішінде *сауықтыру туризмі* термалды бұлақтарды пайдалануға негізделген, оның ішінде Түркияда 200-ден астам термиялық орталықтар бар, олардың көпшілігі Эгей және Мәрмәр теңізі аймақтарында орналасқан. Соңғы уақытта жастар туризмі белсенді даму бағытын ұстанды [13].

Әлемнің түкпір-түкпірінен келген студенттер жастар лагерінде қолайлы бағамен демалады. Түркияда аңшылық туризмі, яхтамен саяхаттау, спелеологиялық туризм, «Ұлы Жібек жолы» маршрутының бойындағы көрікті жерлерге бару, аквалангпен жүзу, рафтинг, ботаникалық және орнитологиялық туризм дамып келеді [14, 15]. Сонымен қатар, Түркияда қысқы туризм түрлері жазғы туризммен қатар даму қарқынын алды. Бұл әсіресе Эрзурум және Бурса қала аудандарына қатысты. Мұнда Улудаг тауында 20-дан астам шаңғы қонақ үйлері мен 15 шаңғы трамплиндері бар [16, 17].

Қорытынды

Экологиялық туризмді дамыту саласында Түрік мемлекетінің экологиялық туризмді дамыту тәжірибесін ескере отырып, мынадай шараларды іске асыру ұсынылады:

- жасалынған экологиялық соқпақтарды ресімдеу және ақпараттық сүйемелдеу;

- биоалуантүрлілік және этноботаника саласындағы гидтерді кәсіби даярлау;
- аймақтың биоалуантүрлілігі бойынша ақпараттық стендтер әзірлеу;
- аймақтың биоалуантүрлілігі бойынша ақпараттық портал жасақтау;
- экологиялық ағарту және тәрбие жөніндегі ақпараттық стенділер әзірлеу;
- ұлттық парктер аумағында табиғат музейлерін құру [19].

Түркияның туристік әлеуетін дамытудың жетістігін қорытындылай келе, дұрыс бағытта ойластырылған және тиімді мемлекеттік саясатының арқасында, сондай-ақ, ірі шетелдік инвестициялардың қолдауымен серпінді дамығанын айту керек. Яғни, туризм саласын тиімдірек дамыту үшін қолайлы экономикалық жағдайлар жасалды. Бұл, ең алдымен елде еркін экономикалық аймақтарды құру, несиелеудің жеңілдетілген шарттарын қамтамасыз ету, жеке секторды белсендіру болды.

Сондай-ақ, туристік орталықтарда ойластырылған кадрлық саясаттың маңыздылығын атап өткен жөн. Ел бюджетіне туризмнен қомақты кірістер түсіп, туристік инфрақұрылымды жаңғыртуға және туризмнің жаңа түрлерін дамытуға қомақты қаржы бөлінуде.

Туризмді дамытудағы түрік мемлекетінің тәжірибесіне тән қасиет елдің туристік орталықтарын жарнамалау мәселелеріне ерекше көңіл бөлу болып табылады. Ерекше табиғаты мен қызықты тарихы бар Түркия еуропалық туристер үшін, Қазақстан мен ТМД елдерінен келген туристер арасында ең танымал туристік бағыттардың бірі болып табылады және болады деп айта аламыз.

Бүгінгі күні қазақстандық заңнамада бар экологиялық туризмге классикалық тәсілдер оларды реттеу тетіктері мен өлшемшарттарын нақты айқындауды қажет етеді.

Сондықтан экотуризмнің анықтамалары сияқты жоғарыда аталған ұсынымдарды Қазақстан заңнамасында бекіту туристік саладағы барлық нормативтік құқықтық актілерді ретке келтіруге, оның ішінде экотуризмді дамыту саласындағы қызметті ұйымдастыратын субъектілерді объективті бағалауға, сондай-ақ аумақтарда табиғат қорғау шараларын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, туризм және экология саласындағы уәкілетті органдар тиісті іс-шаралар жоспарын әзірлеп, табиғи аумақтарда туризмді басқарудың қолданыстағы әдістерін қайта қарауы қажет.

Экологиялық туризм қоршаған табиғи ортаны қорғау және қалпына келтіру қоғам дамуының барған сайын елеулі өлшемдері болып табылатын кез келген елдің экономикасын дамытуға үлес қоса алатынын есте ұстаған жөн.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Microsoft и Всемирная туристская организация будут стимулировать инновации в секторе туризма [Электронный ресурс]: база данных содержит статистические материалы. – Режим доступа: <http://media.unwto.org/ru/press-release/2012-02-28/>. – Загл. с экрана.
2. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысы [Электрондық ресурс]: база данных содержит законодательные материалы. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262>. – Загл. с экрана.
3. Асқарбек А.Ш., Абдунурова А., Дәулетова М.Т. Проблемы и перспективы устойчивого развития экотуризма: систематический обзор литературы // *Central Asian Economic Review*. – 2022. – № 6. – С. 89–99. <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-6-89-99>.
4. Aldybayev B., Gubarenko A., Imangulova T., Ussubaliyeva S., Abdikarimova M. Popularization of objects of the cultural and historical heritage of the Republic of Kazakhstan as a

factor for the development of ethnocultural tourism of the country // *GeoJournal of Tourism and Geosites*. – 2021. – Vol. 39, № 4spl. – P. 1300–1320.

5. Economic Research Institute. Динамика посещаемости Республики Казахстан с 2018 по 2022 годы [Электронный ресурс]: база данных содержит статистические материалы. – Режим доступа: <https://economy.kz/ru/Mnenija/id=396>. – Загл. с экрана.

6. Байбуриев Р.М. Роль экологического туризма в развитии сельских территорий: монография / Байбуриев Р.М. – Алматы: КазНУ имени Аль-Фараби, 2023. – 140 с.

7. Turkey [Электронный ресурс]: база данных содержит статистические материалы. – Режим доступа: <http://www.turkey-info.ru>. – Загл. с экрана.

8. Iskakova K., et al. The Natural and Recreational Potential of Kazakhstan for the Ecological Tourism Development // *Ecological Tourism in the Republic of Kazakhstan*. – Springer, Cham, 2021. – P. 57–119.

9. Turkish Statistical Institute [Электронный ресурс]: база данных содержит статистические материалы. – Режим доступа: <https://www.tuik.gov.tr/Home/Index>. – Загл. с экрана.

10. Yaşarsoy E., Oktay K. Destinasyonda Markalaşma Yolunda Şanlıurfa İçin Bir Model Önerisi // *Türk Turizm Araştırmaları Dergisi* [Электронный ресурс]: база данных содержит статистические материалы. – Режим доступа: <https://tutad.org/index.php/tutad/article/view/173>. – Загл. с экрана.

11. The Real Estate Sector in Turkey [Электронный ресурс]: база данных содержит статистические материалы. – Режим доступа: <https://www.invest.gov.tr/en/library/publications/lists/investpublications/realstate-industry.pdf>. – Загл. с экрана.

12. Neger C. Ecotourism in crisis: an analysis of the main obstacles for the sector's economic sustainability // *Journal of Ecotourism*. – 2021. – No. 21 (311). – P. 1–23.

13. Zhanibekova F., Beisembinova A. Development of youth tourism in Kazakhstan: a conceptual approach to studying // *Central Asian Economic Review*. – 2023. – № 6. – P. 29–38. <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-6-29-38>.

14. Отырар: Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 345 б.

15. Есимова Д.Д., Бөрібай Э.С., Сатыбалдиева Г.К. Қазақстандағы экологиялық туризмнің қазіргі даму тенденциялары // *Central Asian Economic Review*. – 2024. – № 1. – С. 83–93. <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-3-83-93>.

16. Есимова Д.Д., Бөрібай Э.С., Сатыбалдиева Г.К., Кутай Оқтай. Устойчивое развитие сельских территорий: экотуризм и агротуризм // *Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты*. – 2024. – № 2 (102). – С. 84–96. ISSN 2304-3334. <https://doi.org/10.37884/2-2024/09>.

17. Есимова Д.Д., Бөрібай Э.С., Есім А.Қ., Сатыбалдиева Г.К. Экологиялық туризм: Оқу құралы. – Павлодар: Toraighyrov University, 2024. – 295 б.

18. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360>.

19. Қазақстан Республикасының ұлттық статистика бюросы. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің статистикалары [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/>.

20. National Park Service [Электронный ресурс]: официальный сайт Службы

Национальных парков США. – Режим доступа: <https://www.nps.gov/aboutus/national-park-system.htm>. – Загл. с экрана.

REFERENCES

1. Microsoft i Vsemirnaia turistskaia organizasia budut stimulirovät innovasii v sektore turizma [Microsoft and the World Tourism Organization will drive innovation in the tourism sector] [Elektronnyi resurs]: baza dannyh sodержit statisticheskie materialy. – Rejim dostupa: <http://media.unwto.org/ru/press-release/2012-02-28/>. – Zagl. s ekrana.
2. Qazaqstan Respublikasynyñ turistik salasyn damytudyñ 2023–2029 jyldarğa arnalğan tūjyrymdamasyn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2023 jylğy 28 nauryzdağy № 262 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 262 on approval of the concept for the development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029] [Elektronnyyq resurs]: baza dannyh sodержit zakonodatelnye materialy. – Rejim dostupa: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262>. – Zagl. s ekrana.
3. Asqarbek A.Ş., Abdunurova A., Däuletova M.T. Problemy i perspektivy ustoichivogo razvitia ekoturizma: sistematically obzor literatury [Problems and prospects of sustainable ecotourism development: a systematic review of the literature] // Central Asian Economic Review. – 2022. – № 6. – S. 89–99. <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-6-89-99>.
4. Aldybayev B., Gubarenko A., Imangulova T., Ussubaliyeva S., Abdikarimova M. Popularization of objects of the cultural and historical heritage of the Republic of Kazakhstan as a factor for the development of ethnocultural tourism of the country // GeoJournal of Tourism and Geosites. – 2021. – Vol. 39, № 4spl. – P. 1300–1320.
5. Economic Research Institute. Dinamika poseşаемosti Respubliki Kazahstan s 2018 po 2022 gody [Dynamics of attendance in the Republic of Kazakhstan from 2018 to 2022] [Elektronnyi resurs]: baza dannyh sodержit statisticheskie materialy. – Rejim dostupa: <https://economy.kz/ru/Mnenija/id=396>. – Zagl. s ekrana.
6. Baiburiev R.M. Röl ekologicheskogo turizma v razvitii selskih territorii: monografiya [The role of ecological tourism in rural development: a monograph] / Baiburiev R.M. – Almaty: KazNU imeni Äl-Farabi, 2023. – 140 s.
7. Turkey [Elektronnyi resurs]: baza dannyh sodержit statisticheskie materialy. – Rejim dostupa: <http://www.turkey-info.ru>. – Zagl. s ekrana.
8. Iskakova K., et al. The Natural and Recreational Potential of Kazakhstan for the Ecological Tourism Development // Ecological Tourism in the Republic of Kazakhstan. – Springer, Cham, 2021. – P. 57–119.
9. Turkish Statistical Institute [Elektronnyi resurs]: baza dannyh sodержit statisticheskie materialy. – Rejim dostupa: <https://www.tuik.gov.tr/Home/Index>. – Zagl. s ekrana.
10. Yaşarsoy E., Oktay K. Destinasyonda Markalaşma Yolunda Şanlıurfa İçin Bir Model Önerisi // Türk Turizm Araştırmaları Dergisi [Elektronnyi resurs]: baza dannyh sodержit statisticheskie materialy. – Rejim dostupa: <https://tutad.org/index.php/tutad/article/view/173>. – Zagl. s ekrana.
11. The Real Estate Sector in Turkey [Elektronnyi resurs]: baza dannyh sodержit statisticheskie materialy. – Rejim dostupa: <https://www.invest.gov.tr/en/library/publications/lists/investpublications/realstate-industry.pdf>. – Zagl. s ekrana.
12. Neger C. Ecotourism in crisis: an analysis of the main obstacles for the sector's economic sustainability // Journal of Ecotourism. – 2021. – No. 21 (311). – P. 1–23.

13. Zhanibekova F., Beisembinova A. Development of youth tourism in Kazakhstan: a conceptual approach to studying // Central Asian Economic Review. – 2023. – № 6. – P. 29–38. <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-6-29-38>.

14. Otyrar: Ensiklopedia. – Almaty: «Arys» baspasy, 2005. – 345 b.

15. Esimova D.D., Böribai E.S., Satybaldieva G.K. Qazaqstandaғы ekologialyq turizmnıñ qazırғы damu tendensialary [Current trends in the development of ecological tourism in Kazakhstan] // Central Asian Economic Review. – 2024. – № 1. – S. 83–93. <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-3-83-93>.

16. Esimova D.D., Boribai E.S., Satybaldieva G.K., Kutai Oktai. Ustoichivoe razvitie selskih territori: ekoturizm i agroturizm [Sustainable rural development: ecotourism and agrotourism] // Izdenister, nätijeler – İssledovania, rezültaty. – 2024. – № 2 (102). – S. 84–96. ISSN 2304-3334. <https://doi.org/10.37884/2-2024/09>.

17. Esimova D.D., Böribai E.S., Esım A.Q., Satybaldieva G.K. Ekologialyq turizm: Oqu qūraly. [Ecological tourism: a textbook. - Pavlodar: Toraighyrov University] – Pavlodar: Toraighyrov University, 2024. – 295 b.

18. Qazaqstan Respublikasynyñ turistik salasyn damytudyñ 2019–2025 jyldarğa arnalğan memlekettik baғdarlamasy [State program for the development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan for 2019-2025] [Elektronnyi resurs]. – Rejim dostupa: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360>.

19. Qazaqstan Respublikasynyñ ūlttyq statistika bürosy. Strategialyq josparlau jäne reformalar agentttıgınıñ statistikalary [Bureau of national statistics of the Republic of Kazakhstan. Statistics from the agency for Strategic Planning and reforms] [Elektronnyi resurs]. – Rejim dostupa: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/>.

National Park Service [Elektronnyi resurs]: ofisiälnyi sait Slujby Nasionälnyh parkov SŞA. – Rejim dostupa: <https://www.nps.gov/aboutus/national-park-system.htm>. – Zagl. s ekrana.

Д.Д. ЕСИМОВА

П.ғ.к., қауымдастырылған
профессор,
Торайғыров университеті,
(Қазақстан, Павлодар),
E-mail: dika-73@mail.ru

А.Қ. ЕСІМ

Докторант
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Астана)
E-mail: ayana_esimova99@mail.ru

20.11.2024ж. баспаға түсті

10.12.2024ж. түзетулермен келді

30.12.2024ж. басып шығаруға қабылданды

A. YESIM¹, D. YESIMOVA²✉

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana)

²Toraigyrov University
(Kazakhstan, Pavlodar), E-mail: dika-73@mail.ru

PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF ECOTOURISM IN KAZAKHSTAN BASED ON THE EXPERIENCE OF TURKEY

Abstract. *In the last decade, ecotourism is becoming a popular direction and is characterized as a guarantee of the country's sustainable development. Ecological tourism as an advanced direction of the tourism industry is a pronounced resource direction that affects the regional*

organization of tourist services, the formation of new tourist zones and their specialization. Ecological tourism should become one of the most priority areas of tourism in the Republic of Kazakhstan. For this, the state has the necessary factors.

The article examines the experience of Turkey in the development of the tourism industry, analyzes the priorities and weaknesses. The possibilities of applying the best practices of Turkey in the Republic of Kazakhstan as a powerful recreational factor in the development of ecotourism were considered, the best practices and achievements were analyzed. In the course of the study, an overview of the placement indicators of resort areas in Kazakhstan was made and the dynamics of tourist arrivals to the most attractive places was determined.

Approaches to the ecologization of tourism activities based on priority areas of ecotourism development in Kazakhstan were considered. The article also proposes to implement specific measures for the development of ecological tourism in Kazakhstan, taking into account the experience of the Turkish state in the development of ecological tourism.

At the same time, the importance of implementing the necessary personnel policy for tourist centers was tightened. It was established that a characteristic feature of the Turkish experience in the development of tourism is a special attention to the issues of advertising of the country's tourist centers.

Keywords: *ecotourism, Tourism Industry, Economy, Business, recreational potential, natural areas, camping*

А. ЕСИМ¹, Д. ЕСИМОВА²✉

¹Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева

(Казakhstan, Астана)

²Торайгыров университет

(Казakhstan, Павлодар), E-mail: dika-73@mail.ru

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ЭКОТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ НА ОСНОВЕ ОПЫТА ТУРЦИИ

Аннотация. *В последнее десятилетие экотуризм становится популярным направлением и характеризуется как гарантия устойчивого развития страны. Экологический туризм как передовое направление туристской индустрии является ярко выраженным ресурсным направлением, влияющим на региональную организацию туристских услуг, формирование новых туристических зон и их специализацию. Экологический туризм должен стать одним из наиболее приоритетных направлений туризма в Республике Казахстан. Для этого у государства есть необходимые факторы.*

В статье рассматривается опыт Турции в развитии туристической отрасли, анализируются приоритеты и слабые стороны. Рассмотрены возможности применения передового опыта Турции в Республике Казахстан как мощного рекреационного фактора в развитии экотуризма, проанализированы лучшие практики и достижения. В ходе исследования был проведен обзор показателей размещения курортных зон Казахстана и определена динамика туристских прибытий в наиболее привлекательные места.

Рассмотрены подходы к экологизации туристской деятельности, основанные на приоритетных направлениях развития экотуризма в Казахстане. В статье также предлагается реализовать конкретные меры по развитию экологического туризма в Казахстане с учетом опыта турецкого государства в развитии экологического туризма.

В то же время была усилена важность реализации необходимой кадровой политики для туристических центров. Было установлено, что характерной чертой турецкого опыта в развитии туризма является особое внимание к вопросам рекламы туристических центров страны.

Ключевые слова: *экотуризм, туристическая индустрия, Экономика, Бизнес, рекреационный потенциал, природные территории, кемпинг*